UNIVERSITY OF PORTSMOUTH

Dr Paul Gilmour
Senior Lecturer in Economic Crime
BSc MSc PhD PgCertHE ACFS CFE FHEA
T +44 (0)23 9284 5388
E paul.gilmour@port.ac.uk

School of Criminology and Criminal Justice
University of Portsmouth
Office 5.13 St George's Building
141 High Street
Portsmouth PO1 2HY

12 May 2026

REVIEW OF THESIS SUBMITTED FOR THE DEGREE OF DOCTOR OF PHILOSOPHY (PHD)

(8D04203 – Jurisprudence) *"Pre-trial investigation of crimes in the field of online fraud: modern problems"* by APSIMET NURDAULET, Department of Criminal Law, Criminal Procedure, and Criminalistics, Faculty of Law, Al-Farabi Kazakh National University

The candidate makes several important points early on regarding the relevance of the topic, including the rise of internet fraud, the increase in reported cases and the low levels of compensation available to victims. The thesis argues that there is a disconnect between criminal procedural legislation and the practical realities of investigating technology-related crimes. In this regard, it is particularly interesting that Article 179 CPC RK prohibits redress for victims in matters classified as civil disputes. The thesis then effectively outlines the gap in literature and establishes clear research objectives.

The thesis employs a comparative legal methodology involving materials from domestic law enforcement practice and statistical data. The study is novel in that it introduces the concept of "digital deception" that proposes a three-stage evolutionary model for the genesis of online fraud, alongside an independent definition of "digital evidence" and advances the concepts of "digital nihilism" and "technological elusiveness." The candidate's proposed "artifact-centric" cyber-procedural model is innovative in the context of pre-trial investigations.

The candidate makes important contributions to the field regarding the investigation of digital crime, the conceptualisation of online fraud and the definition of digital evidence. In my view, the thesis has important practical implications for domestic legal policy and investigative procedures in the Republic of Kazakhstan.

The thesis is well structured and clearly written. It flows logically. The first chapter discusses the concept of online fraud, the difficulties associated with defining the phenomenon and key terminology within the context of pre-trial investigations. A comparative analysis is then undertaken between online fraud and more traditional forms of fraud, which highlights the limitations of subject-centered approaches to investigation.

Chapter 2 examines the more practical procedural elements of pre-trial investigations in the Republic and the issues associated with the initiation of victim reports and conflicts within the investigative process. One of the central claims is that the current pre-trial investigation framework in Kazakhstan is structurally incompatible with the realities of online fraud because it was designed for traditional crimes involving obvious physical evidence rather than technologically concealed digital offences. Consequently, the legal and procedural system itself unintentionally produces high levels of latency, evidential loss and institutional paralysis in

cybercrime investigations. The candidate effectively demonstrates how a "Catch-22" scenario, or "procedural deadlock," emerges that prevents timely investigations and leads to the irreversible loss of digital evidence. The thesis highlights how Kazakhstan's criminal procedure laws require investigators to identify clear signs of criminal intent before formally registering a case. However, investigators cannot obtain the evidence needed to prove fraud unless a case is officially registered, yet they cannot register the case without already possessing that evidence. The chapter then evaluates the investigation process and argues that the current criminal prosecution system is ineffective in addressing the realities of online fraud.

Chapter 3 seeks to establish a more effective investigative framework through the proposal of an "artifact-centric cyber-procedural model," in which digital artefacts become the primary evidentiary foundation of investigations. As a former digital evidence examiner and police detective, I found this chapter particularly insightful. The candidate effectively argues the need for a fully integrated procedural system combining legal and institutional reform with enhanced technological capabilities. The thesis also incorporates discussions of domestic law, case law and international treaties (such as the Budapest Convention on Cybercrime) further strengthening its contribution.

I have no hesitation in recommending that this thesis proceed to public defence for the award of the degree of Doctor of Philosophy (PhD).

If you have any questions, please do not hesitate to contact me at at paul.gilmour@port.ac.uk.

Sincerely,



Dr Paul Gilmour

Senior Lecturer in Economic Crime

Centre for Cybercrime and Economic Crime

University of Portsmouth

Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылған нұсқа

(ПОРТСМУТ УНИВЕРСИТЕТІ логотипі)

Др Пол Гилмор
Экономикалық қылмыс бойынша аға оқытушы
BSc (Hons) MSc PhD PGCertHE FHEA CFE
Т +44 (0)23 9284 5388
E paul.gilmour@port.ac.uk

Криминология және қылмыстық әділет мектебі
Портсмут университеті
Кеңсе: 5.13 Сент-Джордж гимараты
141 Хай Стрит
Портсмут PO1 2HY

12 Мамыр 2026 ж.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «8D04203 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Әпсімет Нұрдәулеттің «Онлайн алаяқтық қылмыстарын сотқа дейінгі тергеу: қазіргі заманғы мәселелер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік кеңесшінің

ПІКІРІ

Диссертациялық жұмыс тақырыптың өзектілігін негіздеуде бірқатар маңызды мәселелерді бастапқы бөлімнен-ақ дәйекті түрде көрсетеді, атап айтқанда: интернет-алаяқтықтың кең таралуы, тіркелген құқық бұзушылықтар санының артуы және жәбірленушілерге ұсынылатын өтемақы көлемінің төмендігі. Зерттеуде қылмыстық-процестік заңнама нормалары мен технологиялық сипаттағы қылмыстарды тергеудің практикалық шынайылығы арасында айқын алшақтықтың бар екені негізделген. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 179-бабында азаматтық-құқықтық дау ретінде сараланатын істер бойынша жәбірленушілерге залалды өтеу мүмкіндігінің шектелуі ерекше назар аудартады. Сонымен қатар диссертацияда зерттеліп отырған мәселе бойынша ғылыми әдебиеттердегі олқылықтар нақты айқындалып, зерттеудің мақсаты мен міндеттері жүйелі әрі анық тұжырымдалған.

Диссертациялық зерттеуде отандық құқық қорғау органдарының тәжірибелік материалдары мен статистикалық деректерге негізделген салыстырмалы-құқықтық әдіснама қолданылған. Жұмыстың ғылыми жаңалығы ретінде онлайн-алаяқтықтың пайда болу және даму генезисін түсіндіретін үш сатылы эволюциялық модельді қамтитын «цифрлық децепция» ұғымының енгізуімен, «цифрлық дәлелдеме» ұғымына дербес анықтама беруімен, сондай-ақ «цифрлық нигилизм» және «технологиялық бұлдырлық» концепцияларын дамытуымен сипатталады. Ізденуші ұсынған «артефакт-орталықтандырылған» киберпроцестік модель сотқа дейінгі тергеп-тексеру үшін инновациялық мәнге ие.

Ізденуші цифрлық қылмыстарды тергеп-тексеру, интернет-алаяқтықты теориялық тұрғыдан пайымдау және цифрлық дәлелдемелерді анықтау мәселелеріне елеулі үлес қосқан. Менің пікірімше, диссертация Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясат пен тергеу рәсімдерін жетілдіру үшін маңызды практикалық мәнге ие.

Диссертация құрылымдық жағынан жүйелі, түсінікті, әрі логикалық сабақтастықпен жазылған. Бірінші тарауда интернет-алаяқтық ұғымы, оны анықтауға байланысты қиындықтар және сотқа дейінгі тергеп-тексеру аясындағы негізгі терминдер қарастырылады. Сондай-ақ онлайн алаяқтық пен дәстүрлі алаяқтық түрлеріне салыстырмалы талдау жүргізіліп, субъектіге бағдарланған тергеу тәсілдерінің шектеулері көрсетілген.

Екінші тарауда Республикадағы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің тәжірибелік-процестік элементтері, жәбірленушілер арыздарын тіркеуді бастауға байланысты мәселелер және тергеу процесі аясындағы қайшылықтар қарастырылады. Негізгі тұжырымдардың бірі – Қазақстандағы қолданыстағы сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүйесі онлайн алаяқтықтың нақты ерекшеліктерімен құрылымдық тұрғыдан үйлеспейді. Себебі ол технологиялық жолмен жасырылатын цифрлық құқық бұзушылықтарға емес, айқын материалдық

дәлелдемелері бар дәстүрлі қылмыстарға бейімделіп құрылған. Соның нәтижесінде құқықтық және процестік жүйенің өзі киберқылмыстарды тергеп-тексеру барысында латенттіліктің артуына, дәлелдемелердің жоғалуына және институционалдық дәрменсіздікке жанама түрде ықпал етеді. Ізденуші уақтылы тергеуге кедергі келтіретін әрі цифрлық дәлелдемелердің қайтымсыз жоғалуына себеп болатын «Catch-22» немесе «процестік тұйық» жағдайының қалыптасуын нанымды түрде көрсетеді. Диссертацияда Қазақстанның қылмыстық-процестік заңнамасы істі ресми тіркеу үшін қылмыстық ниеттің нақты белгілерін анықтауды талап ететіні көрсетілген. Алайда тергеушілер алаяқтықты дәлелдеуге қажетті дәлелдемелерді іс ресми тіркелмейінше ала алмайды. Ал мұндай дәлелдемелерсіз істі тіркеу мүмкін емес. Тарауда тергеп-тексеру процесіне баға беріліп, қазіргі қылмыстық қудалау жүйесінің онлайн алаяқтықтың шынайы ерекшеліктеріне тиімді жауап бере алмайтыны негізделеді.

Үшінші тарау цифрлық артефактілерді тергеудің негізгі дәлелдемелік базасына айналдыруды көздейтін «артефакт-орталықтандырылған киберпроцестік модельді» ұсыну арқылы неғұрлым тиімді тергеу жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Бұрын цифрлық дәлелдемелер сарапшысы және полиция детективі болған маман ретінде бұл тарауды ерекше мазмұнды деп бағалаймын. Ізденуші құқықтық және институционалдық реформаларды жетілдірілген технологиялық мүмкіндіктермен үйлестіретін біртұтас процестік жүйенің қажеттілігін нанымды түрде негіздейді. Сонымен қатар диссертацияда ұлттық заңнама, сот практикасы және халықаралық шарттар (мысалы, Киберқылмыс туралы Будапешт конвенциясы) қарастырылып, зерттеудің ғылыми және практикалық маңызы одан әрі күшейтілген.

Мен аталған диссертацияны философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жария қорғауға ұсынуды еш күмәнсіз қолдаймын.

Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда, менімен paul.gilmour@port.ac.uk электрондық поштасы арқылы хабарласуыңызға болады.

Құрметпен,

/қолы қойылған/

Доктор Пол Гилмор

Экономикалық қылмыс саласының аға оқытушысы

Киберқылмыс және экономикалық қылмыс орталығы

Портсмут университеті